FTAMP 13.71.07 https://doi.org/10.26577/JH2025116103

**Н. Алпысбаева**[1*], **К. Алимгазинов**[2]

[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
[2]Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві, Алматы, Қазақстан
*e-mail:nurzipakz@mail.ru

# АРХИВТЕРДІ ҚҰЖАТТАРМЕН ТОЛЫҚТЫРУ: ҚАЗАҚСТАН ТАРИХНАМАСЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ (1991-2021 ЖЖ.)

Архив қызметінің маңызды бағыттарының бірі жинақтау болып табылады. Мемлекеттік архивтер мемлекеттік билік органдарының, мемлекеттік мекемелердің, ұйымдар мен кәсіпорындардың қызметінде қалыптасатын архивтік құжаттармен, сондай-ақ оларға мемлекеттік емес мекемелер, ұйымдар, кәсіпорындар мен азаматтар берген құжаттармен жинақталады.

Осы тұрғыдан алғанда, архивтану ғылымында жинақтау мәселелерін зерттеу ерекше маңызға ие. Себебі, тарихи құжаттарды анықтау және іріктеу, құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету, оларды насихаттау және халық игілігіне айналдыру маңызды және жауапты іс. Яғни, архив мекемелеріндегі толықтыру жұмыстарының сапалы жүргізуіне байланысты тарих ғылымының деректанулық кешені анықталады. Сонымен қатар, архивті тарихи- құжаттық мұралармен жинақтау мәселесі бірқатар теориялық және ұйымдастырушылық аспектілерді шешуді талап етеді.

Мақалада отандық зерттеушілердің еңбектеріне тарихнамалық талдау жүргізілді. Мәселенің тарихнамасы қазақстандық архивтану ғылымында зерттелмеген. Архивтерді жинақтау үрдісін талдауға арналған отандық зерттеушілердің еңбектерін зерттеу әдістемелік аппаратты жетілдіруге және архивтану ғылымының жаңа бағыттарын анықтауға мүмкіндік беретін ғылыми қызығушылықты көрсетеді.

**Түйін сөздер:** жинақтау, архив, тарихнама, жинақтау көздері, архивтік құжат.

N. Alpysbayeva[1]*, K. Alimgazinov[2]

[1]Al-Farabi University of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan
[2]Kazakhstan Republics Presidential Archives, Almaty, Kazakhstan
*e-mail:nurzipakz@mail.ru

## Collection of archives with documents: issues of Kazakhstan historiography (1991-2021)

One of the most important areas of archives' activity is acquisition. State archives are acquired by archival documents generated in the course of activities of state authorities, state institutions, organizations and enterprises, as well as documents transferred to them by non-state institutions, organizations, enterprises and citizens.

From this point of view, the study of collecting problems in archival science is of particular importance. This is due to the fact that the identification and selection of historical documents, ensuring their preservation, popularization and providing public access to them are an important and responsible task. That is, the documentary complex of historical science is determined by the quality of the replenishing work in archival institutions. In addition, the problem of acquiring archives of historical and documentary heritage requires solving a number of theoretical and organizational aspects.

This article provides a historiographical analysis of the works of domestic researchers on the problem of acquiring archives with documents at the present stage. The historiography of this problem has not been studied in Kazakhstan's archival science. The study of the works of domestic researchers devoted to the analysis of the process of archival acquisition testify to the scientific interest, allowing to improve the methodological apparatus and identify new directions of archival science.

**Key words:** acquisition, archival work, historiography, sources of acquisition, archival document.

 © 2025 Al-Farabi Kazakh National University

Н. Алпысбаева[1*], К. Алимгазинов[2]
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
Архив Президента Республики Казахстан, Алматы, Казахстан
*e-mail: nurzipakz@mail.ru

**Комплектование архивов документами: проблемы казахстанской историографии (1991-2021 гг.)**

Одной из важнейших направлений деятельности архивов является комплектование. Государственные архивы комплектуются архивными документами, образующимися в деятельности органов государственной власти, государственных учреждений, организаций и предприятий, а также документами, переданными им негосударственными учреждениями, организациями, предприятиями и гражданами.

С этой точки зрения изучение проблем коллекционирования в архивоведении приобретает особое значение. Это связано с тем, что выявление и отбор исторических документов, обеспечение их сохранности, популяризация и предоставление к ним доступа общественности являются важной и ответственной задачей. То есть документальный комплекс исторической науки определяется качеством пополняющей работы в архивных учреждениях. Кроме того, проблема комплектования архивов историко-документального наследия требует решения ряда теоретических и организационных аспектов.

В данной статье проведен историографический анализ трудов отечественных исследователей по проблеме комплектования архивов документами на современном этапе. Историография данной проблемы в казахстанской архивоведческой науке не изучена. Изучение трудов отечественных исследователей, посвященных анализу процесса комплектования архивов, свидетельствуют о научном интересе, позволяющих совершенствовать методологический аппарат и выявить новые направления архивоведческой науки.

**Ключевые слова:** комплектование, архивное дело, историография, источники комплектования, архивный документ.

## Кіріспе

XX ғасырдың 90-жылдары Қазақстанның тәуелсіздік алуы, қоғамдық-саяси жүйедегі, экономикалық, әлеуметтік және саяси салалардағы түбегейлі өзгерістер мекемелердің, ұйымдар мен кәсіпорындардың, қоғамдық бірлестіктердің жаңа түрлерінің пайда болуына алып келді. Осы кезеңде меншіктің әртүрлі нысандарының қалыптасуы және Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорының шығу тегі бойынша екі бөлікке (мемлекеттік және мемлекеттік емес) бөлінуі құжаттардың құрамына әсер етті. Елдегі осындай қоғамдық-саяси жағдайлардың өзгерістері мемлекеттік архивтерді жинақтау көздерінің шеңберін қайта қарау қажеттілігін туғызды.

Осы тұрғыдан алғанда, архивтану ғылымында жинақтау мәселелерін зерттеу ерекше маңызға ие. Себебі, тарихи құжаттарды анықтау және іріктеу, құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету, оларды насихаттау және халық игілігіне айналдыру маңызды және жауапты іс. Яғни, архив мекемелеріндегі толықтыру жұмыстарының сапалы жүргізуіне байланысты тарих ғылымының деректанулық кешені анықталады. Сонымен қатар, архивті тарихи- құжаттық мұралармен жинақтау мәселесі бірқатар теориялық және ұйымдастырушылық аспектілерді шешуді талап етеді.

Қарастырылып отырған мәселені тарихнамалық тұрғыда зерттеу, жинақтау мәселесіне байланысты қазақстандық тарихнамада қалыптасқан көзқарастар мен тұжырымдамаларды талдау, зерттелмеген тұстарын анықтау архивтану ғылымының жаңа ғылыми бағытының қалыптасуына әсерін тигізді.

## Материалдар мен әдістер

Архивтерде құжаттарды жинақтау мәселесіне байланыты отандық зерттушілердің еңбектері проблемлық-хронологиялық принцип бойынша тарихнамалық тұрғыда талдауға алынды.

Тарихнамалық зерттеудегі жалпы әдістемелік принциптер қолданылды: тарихилық және объективтілік. Тарихилық принциптер негізінде тарихи оқиғалар мен үрдістердің пайда болуы және дамуының, нақты жағдайлармен байланысының зерттелу деңгейін айқындауға, ал, объективтілік принцип зерттеушіге белгілі бір тарихи оқиғалар мен құбылыстарға талдау жасап, шынайы пікір танытып, қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында жалпы ғылыми және арнайы тарихи әдістер (салыстырмалы-тарихи, проблемалық-хронологиялық, ретроспективті) пайдаланылды.

Зерттеудің деректік негізін архившілердің еңбектері, монографиялар, диссертациялар, ғылыми мақалалары құрайды.

Нәтижелер мен талдаулар

Архив ісінің негізгі бағыттарының бірі жинақтау. Архивті жинақтау оның бейініне және қолданыстағы заңнамаға сәйкес құжаттармен жүйелі түрде толықтыру үрдісі болып табылады. Бұл бағыттағы жұмысты ұйымдастырудың өзі саяси, әлеуметтік, мәдени және басқа салаларда болып жатқан өзгерістермен тығыз байланысты.

Мемлекеттік архивтерді жинақтау бірқатар мәселелерді шешуді қамтиды, атап айтқанда:

1) архивтің бейініне сәйкес жинақтау көздерін анықтау;

2) архивке сақтауға жататын құжаттардың құрамын айқындау;

3) архивке құжаттарды уақтылы қабылдау бойынша жұмысты ұйымдастыру;

4) әдістемелік құралдарды әзірлеу.

Мемлекеттік архивтерді құжаттармен жинақтаудың нормативтік негізін 1998 жылы 22 желтоқсанда қабылданған «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» Қазақстан Республикасының №326-І Заңы құрайды (Ұлттық архив қоры, 1998). Заңда Ұлттық архив қорының құрамы, жинақтау саласы, мемлекеттік архивтердің толықтыру көздері, жинақтау көздерін белгілеу тәртібі берілген.

Архивтік құжаттарды сақтауды, есепке алуды, жинақтауды және пайдалануды ұйымдастыруда архивтер өз қызметінде «Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архивтік құжаттарды мемлекеттік және арнаулы мемлекеттік архивтердің жинақтау, сақтау, есепке алу мен пайдалану қағидаларына» сүйенеді (Қағида, 2023). Аталмыш қағиданың екінші тарауы Ұлттық архив қорының құжаттарымен толықтыруды ұйымдастыруға арналған. Қағидада жинақтау көздерінің тізімдерін анықтайтын өлшемшарттар, жинақтау көздерінің тізімін жасау, құжаттардың құндылығын сараптау, азаматтардан, ұйымдардан, сондай-ақ таратылған ұйымдардан архивтік құжаттарды қабылдау тәртіптері қарастырылған.

Ұйым архивінің негізгі функциялары, атап айтсақ, құжаттарды қабылдау, сараптама жүргізу, тізімдеме жасау, істерді орналастыру, құжаттарды есепке алу, құжаттарды сақтау, құжаттарды пайдалану және т.б. архив қызметінің бағыттары «Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архивтік құжаттарды ведомстволық және жеке архивтердің қабылдау, сақтау, есепке алу мен пайдалану қағидаларында» сипатталады (Ұлттық архив қорының құжаттарын, 2023).

Архивтерді жинақтау жұмысы 2017 жылғы «Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесі» сынды нормативтік құжатпен реттеледі (Сақтау мерзімі тізбесі, 2017). Құжаттардың құндылығына сараптама жүргізу және Ұлттық архив қорының құрамына жатқызылған құжаттарды іріктеу кезінде осы үлгілік құжаттар тізбесін қолдану қажет. Бұл тізімде ең маңызды және ақпараттық құжаттар тұрақты сақтауға жататын құжаттар ретінде көрсетілген.

Толықтыру көздері болып табылатын ұйымдарды айқындау жөніндегі жұмысты әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету өзекті болып табылады. 2016 жылы мемлекеттік архивтерді жинақтаудың көздері және әлеуетті көздері болып табылатын ұйымдардың тізімдерін жасау және айқындау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар әзірленді. Қазіргі заманауи талаптарды ескере отырып, әдістемелік ұсыныстар әлі де түзетуді қажет етеді. Архивтерді электронды құжаттармен толықтырудың әдістемелік ұсынымдарының жоқтын қасы.

Отандық тарихнамада архивтерді құжаттармен толықтыру мәселесі тарихнамалық тұрғыда арнайы зерттелмеген. Архивтерді құжаттармен жинақтау мәселесінің жекелеген тұстарын ашатын бірқатар еңбектер жарық көрді. Арнайы мамандандырылған журнал беттерінде мақалалар жарияланды. Қазақстан Республикасының Ұлттық архивін құжаттармен толықтыру М. Абсеметовтың мақаласында қарастырылған. Мәселен, автор Ұлттық архивті жинақтаудың ерекшелігі, біріншіден, құжаттардың сақталуы қамтамасыз етіле ме, жоқ па деген мәселелерді анықтау, екіншіден, сақтау мерзімі аяқталғанына қарамастан құжаттарды қабылдау туралы шешім маңызды фактор деп түсіндірді (Абсеметов, 2013: 8). Зерттеушінің әкімшілік реформалар дәуіріндегі архивті жинақтаудағы мынандай тұжырымдары назар аударарлық: нормативтік-құқықтық және әдістемелік базаны жетілдіру; таратылған ұйымдардың құжаттарының сақталуын қамтамасыз ету және оларды есепке алу, жинақтау көздерінің тізімдерін жасау және т.б. (Абсеметов, 2013:10). Яғни, автордың өзіндік ұстанымдары мен көзқарастарын айқын көруге болады.

Г. Жакупова, Н. Алпысбаева, А. Полякованың бірлескен еңбектерінде шетел архивтерін құжаттармен толықтырудың теориялық аспекті-

лері баяндалған. Авторлар АҚШ, Франция және Ресей елдеріндегі архивтерін жинақтау мәселелерін қарастыра отырып, қазақстандық және шетелдік кеңістіктегі архив мекемелерін жинақтаудың өзекті мәселелеріне мыналарды жатқызады (Жакупова, 2016:193) :

- мемлекеттік және муниципалдық архивтердің жинақтау көздері болып табылатын ұйымдар мен жеке тұлғалардың тізімдерін талдау-;
- ұйымдарда жасалатын құжаттардың жаңа түрлерін анықтау және олардың ақпараттық қызметін бағалау;
- мемлекеттік емес ұйымдармен-мемлекеттік архивтердің жинақтау көздерімен жұмыстың шарттық нысандарын дамыту;
- архивтерді жинақтаудың ең өзекті мәселелерін анықтау;
- электронды құжаттарды жинақтау мәселелерін шешу.

Алматы қаласының мемлекеттік архивінің тәжірибесі негізінде Г.Б. Наурызбай қазіргі кезеңдегі мемлекеттік архивтерді құжаттармен жинақтау мәселелерін көтерді. Автор 2014-2018 жылдар аралығында Алматы қаласы мемлекеттік архив бойынша жинақтау көздерінің санын азайғандығын, яғни 2014 жылдан бастап 12% – ке қысқарғандығын көрсетеді. Сондай-ақ, Алматы қаласы мемлекеттік архивінің жинақтау көздерінің тізіміне кіретін ұйымдардың қысқаруының объективті себептерін қарастырады, олардың қысқаруына әсер еткен бірнеше факторларды айқындайды. Біріншісі, банкрот барысында таратылған мемлекеттік емес ұйымдардың және архив мекемелерімен одан әрі ынтымақтастықтан бас тартқан мемлекеттік емес ұйымдардың тізімінен іс жүзінде барлық жерде алып тастауы. Екіншісі, ұйымдар мен кәсіпорындар жағдайының тұрақсыздығы және білікті мамандардың жоқтығы. Үшіншісі, мемлекеттік басқару жүйесіндегі реформалардың нәтижесінде мемлекеттік органдардың таратылуы, қайта ұйымдастырылуы, бірқатар функцияларды басқа басқармаларға берілуі және т. б. Төртіншісі, жинақтау көздерінің тізімдеріндегі жеке ұйымдардың үлесі ұйымдардың жалпы санының жартысынан сәл астамын (50% – дан астамын) құрайтындығы. Бесіншісі, қазіргі заманғы мемлекеттік емес ұйымдардағы қаражаттың жетіспеушілігі, ұйымдар өз тарапынан архивтің жинақтау көздерінің тізіміне енуге ұмтылмайды. Алтыншысы, Ұлттық архив қорының сапалық құрамы. Сегізінші, электрондық құжаттармен толықтыру мәселесі. (Наурызбай, 2020: 330-339). Басқа мемлекеттік архивтермен салыстырсақ, Алматы қаласының архивінде жинақтау жөніндегі жұмысты жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелердің бірі құжаттардың орналасқан жерін іздеу бөлімі бар. Оның міндеттеріне жеке құрам бойынша құжаттармен жинақтау және жолған құжаттарды анықтау. Мәселен, автор «2012 жылдан бөлім құрылған сәттен бастап 17 ұйым бойынша 11 253 сақтау бірлігі анықталды, өңделді және мемлекеттік сақтауға берілді» деп көрсетеді (Наурызбай, 2020: 337). Демек, автор қазіргі таңдағы архив саласындағы көкейкесті мәселелерді де қарастырды.

ҚР Ұлттық архив қорын толықтыру факторларын арнайы кеңірек зерттеген архивші Л. Кыздарбаева. Автордың пікірі бойынша негізгі факторлар: әкімшілік реформалар; мемлекеттік және мемлекеттік емес органдарды тарату; электрондық құжат айналымын енгізу; Қазақстан Республикасы архив қорының құрамына жататын ұйымдарда құжат айналымының өсуі (Кыздарбаева, 2020:365-366). Сонымен қатар, толықтыру барысындағы төмендегі пробемаларды да атап өтеді:

1) Ғылыми-техникалық құжаттаманы дайындау және ресімдеу үшін нормативтік құжаттың болмауы, мәселен, қала құрылысы, Қазақстан Республикасының Жер кодексі саласында болып жатқан өзгерістер құжаттардың құрамы бойынша да, сақтау мерзімдері бойынша да барлық заманауи шындықтарға жауап беретін нормативтік құжатты әзірлеуді талап етеді.

2) Қазіргі уақытта ұйымдарды қайта ұйымдастыруға, таратуға байланысты жинақтау тізімдерін үнемі нақтылау қажет.

3) Заманауи құжаттарды рәсімдеу бойынша бірыңғай ережелердің жоқтығы. Еңбектің ұтымды тұстарының бірі автор ҚР Ұлттық архив қорын толықтыру факторларын, проблемаларын, оны шешу жолдарын ашып көрсеткен.

ҚР Президентінің Архивін қазіргі заманғы тарих құжаттармен толықтыру мәселесін арнайы Қ. Әлімгазинов зерттейді. Автор Архивтегі жинақтау жұмысы барысындағы туындайтын проблемаларды атап өтеді: біріншіден, мемлекеттік емес ұйымдар шарттық негізде жинақтау көздерінің тізіміне енгізілуі. Қосымша жауапкершіліктен бас тарту кейде мемлекеттік емес ұйымдарды толықтыру көздерінің тізіміне қосуды қиындатады. Екіншіден, жеке қорлардың қор құрушыларымен жұмыс істеу кезінде қиындықтардың туындауы, олар мемлекеттік сақтауға дублет, аннотацияланбаған құжаттарды береді, сонымен бірге бір уақытта құжаттарды әртүрлі мемлекеттік архивке өткізеді. Сондық-

тан архив ақпараттық, әдістемелік жұмыстарға көп көңіл бөледі. Үйымдармен жұмыс істеу тәсілдері қайта қарау қажет. Төртіншіден, тарихи құндылығы бар аудиовизуалды құжаттармен толықтыру. Яғни, бұл әдістемелік және техникалық тұрғыдағы проблемалар, соның ішінде архивтерде мұндай құжаттармен жұмыс істеуге арналған арнайы техниканың болмауы. Тарихи маңызы бар аудиовизуалды құжаттарды қалыптастыруға және сақтауға беруге назар аудару маңызды. Бесіншіден, құжаттың құндылығын анықтау мәселесі өзекті болып қала береді, оның шешімі қолданыста бар нормативтік құжаттарда белгіленген шеңберлермен шектелмеуі тиіс. Әр түрлі уақыт кезеңдерінде жасалған құжаттарды бағалаудың әртүрлі көзқарастары болуы мүмкін. Құжаттардың құндылығын сараптау мұқият деректанулық талдауға негізделуі тиіс. Бұл мемлекеттік архивке не берілуі керек және не жойылуы керек деген мәселені шешу үшін негіз болып табылады. Алтыншыдан, электрондық жеткізгіштердегі ақпараттың құндылығын сараптау жөніндегі мәселелер кешенін шешуді де көздейді. Бұл цифрландыру процестері электронды құжаттардың пайда болуына әкелді, олар үшін ұзақ мерзімді қол жетімділікті сақтау және ұсыну мәселесі өте өткір. Жинақтаудың бұл бағыты нақты нормативтік базаны қалыптастыру және мамандардың біліктілігін арттыру мәселесін байыпты зерттеуді талап етеді. Яғни, электронды құжаттарды ұзақ уақыт сақтауды қалай қамтамасыз ету мәселесін көтеру. Жетіншіден, электрондық цифрлық қолтаңбасы бар электрондық құжаттарды және ЭЦҚ-ның өзін ұзақ мерзімді сақтаудың Қазақстанда қабылданған бірыңғай стандарттарының болмауына байланысты қазіргі уақытта құжаттарды қағаз жеткізгіште сақтау құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету тұрғысынан да қажетті шара болып табылады. Ведомстволық сақтау және мемлекеттік архивке тұрақты сақтауға беру мерзімі өткеннен кейін ЭҚ аутентификациялау және верификациялау мәселелерін шешу қажеттілігін негіздейді. Бүгінгі таңда тарихи мұраны сақтаудың жаһандық сын-қатерлері жағдайында архивтерде цифрлық технологиялар мен электрондық ресурстарды пайдалану, соның ішінде құжаттарды цифрландыру жұмыстары ұлғаюы тиіс. Бұл жағдайда архив жұмысында қашықтағы қызметтерді пайдалануды арттыру маңызды. Цифрлық ақпараттың жаңа нысандары құжаттарды сақтау, сараптау және архивтік сақтауға беру мәселелерін тезірек шешуді талап етеді. Демек, мәселенің тиянақты шешілуіне автордың архив ісін жинақтау жұмысына қатысты қорытындылары қозғау салады деп ойдамыз (Алимгазинов,2021:37-41).

Мемлекеттік архивтер жеке текті құжаттармен үнемі толықтырылады. Жеке текті құжаттар –сол азаматтың жеке өмірі арқылы көптеген оқиғалар мен фактілердің дамуын көруге мүмкіндік беретін құнды дерек көзі болып табылады. Жеке қорлардағы құжаттарды зерттеу арқылы сол кезеңнің тарихын, тыныш-тіршілігі мен саяси келбетін айқындауға жол ашады. Соңғы жылдары тарихи тұлғаларға деген қызығушылық артты. «Тарихты жеке тұлғалар жасайды» деген тұжырым осыған дәлел. Осы тұрғыдан алғанда, ретроспективті ақпарат көздерінің негізгі сақтаушылары болып табылатын мемлекеттік архивтердің рөлі күшейе түсті. Алайда, осы уақытқа дейін архивті жеке текті құжаттармен толықтыру тарихнамалық тұрғыда жеке тақырып ретінде зерттелмеді.

ҚР Президентінің архивін жеке текті құжаттармен толықтыру мәселелері Т. Абилованың бірнеше еңбектерінде қарастырылады. ҚР Президентінің архивін жеке текті құжаттармен толықтыру 1998 жылдан бастау алады. Автор жеке қорлардың құжаттарын жүйелеуді келесі бөлімдер бойынша жүргізу ұсынады: өмірбаяндық құжаттар; қызметтік және қоғамдық құжаттар; жеке хат алмасу; шығармашылық құжаттар; қор иесі туралы құжаттар; қызықтыратын мәселелер бойынша жиналған құжаттар; фотосуреттер, бейнежазбалар (Абилова, 2007:31). Сондай-ақ, ғалым Т.Абилова осы мәселені тереңдете зерттей келе, «Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің бейіні республиканың саяси, мемлекеттік және қоғам қайраткерлерінің жеке тектік құжаттармен толықтыру саласындағы көздерді шектеуде айқындаушы факторға айналды. Тәжірибе көрсеткендей, мұндай шектеу мемлекеттік архивтерді жинақтаудағы стихиялылықты жоюға және осы үдеріске белгілі бір жоспарлылықты енгізуге ықпал етеді» деп тұжырымдайды (Абилова, 2009:20). Жеке текті құжаттар бойынша мәліметтер базасын құру, компьютерлік технологияларды қолдану, жеке қорлардың электрондық дерекқорын құру арқылы автоматтандыруға мүмкіндік берді- деп пікірін білдірді (Абилова Т.2010:26-28). Т. Абилованың еңбектері жеке текті құжаттарды зерттеуде теориялық және практикалық жағынан да құнды.

Ал, Ш. Тулеуованың мақаласында жеке текті қорларды толықтыру принциптері талданса (Тулеуова, 2017:28-29), ал, екінші еңбегінде ҚР Президентінің Архивін дипломатиялық қызмет

өкілдерінің құжаттармен толықтыру, құжаттар құрамы мен ерекшеліктері егжей-тегжейлі баяндалған (Тулеуова,2016:50-52), келесі мақаласында республикаға белгілі қоғам, саяси қайраткерлері А. Аскаров, В. Владимиров, С. Бейсембаев, А. Алимжанов, М. Қозыбаев, Г. Бельгер және т.б., сондай-ақ, Қазақстанның дипломатиялық өкілдері М. Исиналиева, А. Арыстанбекова, Т. Сулейменовалардың жеке қорларын және отбасылық қорлардың сипаттап берген (Тулеуова, 2019:353-358).

Жеке тектік қорлардың құрамындағы құжаттармен жұмыс жүргізу тәжірибесімен Ә. Сүлейменова бөліседі. Автор жеке тектік құжаттармен толықтыру көздерін анықтау өлшемшарттарын сипаттай келе, оның бастысы – қорқұрушының ҚР Президентінің Жарлығымен ұйымдастырылған мемлекеттік органдарда, қоғамдық бірлестіктер мен партиялардың, қозғалыстардың басшылық, сонымен қатар республикалық, облыстық деңгейдегі партия, комсомол қызметінде болуы деп көрсетеді (Сүлейменова, 2019: 55). Келесі зерттеуінде автор толықтыру көздерін анықтау барысында «қорқұрушының маңыздылығы (формальды белгілері: жұмыс орны, лауазымы, атақтары, марапаттары) және оқиғаның немесе тарихи кезеңнің маңыздылығы» өлшемшарттарын қолданғанын айқындады. ҚР Президенті Архивін жеке тектік құжаттармен толықтырудың ықтимал көздерінің тізімін құрастыру барысындағы проблемаларды да көрсетті, атап айтсақ, көптеген қоғам, мемлекет және саяси қайраткерлерінің қызметінің шектелуі кедергі болды, бұл әсіресе бұрынғы партия, комсомол қызметкерлері мен ҚР Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік қызметшілерінің лауазымдары мен жұмыс орындарының жиі ауысуына байланысты деп ойын білдірді (Сүлейменова, 2020:347).

Ж.К. Оксумбаеваның көлемді мақаласында 100 жылдық тарихы бар Жаңа тарих құжаттарының орталығын жеке тектік құжаттармен толықтыру және оларды тарихи-мәдени мұраларды насихаттауда пайдалану мәселелері қарастырылады. Автор жеке текті құжаттарды мемлекеттік сақтауға беру жұмыстарының кезеңдерін анықтап береді, бірінші, бастамашыл құжаттарды іздеу; екінші, жинақтау көздерін анықтау; үшінші, жеке архив иелерімен түсіндіру жұмыстарын жүргізу (Оксумбаева, 2020:360).

Ж. Түрсынованың мақаласында Қарағанды облысының мемлекеттік архивіндегі жеке текті құжаттарының құрамы мен мазмұны туралы шолу берілген (Турсынова, 2020:62-65). Аталмыш еңбек сипаттамалық тұрғыда жазылған.

Соңғы жылдары жеке текті қорлардың қалыптасу тарихы Т.Ә. Төлебаев пен А. Максымханова зерттейді. Авторлардың пікірінше жеке тектік қорлардың қалыптастыру барысын біріздендіру керек деген тұжырымға келген (Төлебаев, 2021:43-54). Архивті құжаттармен жинақтау мәселесін жалпылама қарастырады.

Мемлекеттік архивтерді жинақтаудың ғылыми негізі құжаттардың құндылығын сараптау болып табылады. Жинақтау және сараптама өзара байланысты үрдіс және бір-бірін толықтырады. Жинақтау құжаттардың құндылығын сараптаудың маңызды аспектісі.

Ведомстволық және жеке архивтерді жеке құрам құжаттармен жинақтау мәселесі В. Чупровтың еңбегінде қарастырылады. Автор жеке құрам бойынша құжаттардың құндылығын сараптаумен оның ғылыми негізі болып табылатын құжаттарды бағалау принциптері, өлшемшарттары мен әдістеріне тоқталған. Жеке құрам бойынша құжаттарды сараптау кезінде қолданылатын бірнеше принциптерді көрсетеді, атап айтсақ, тарихилық, жүйелілік, тұтастық, осылар құжаттардың бірыңғай кешені ретінде қарастыруға мүмкіндік береді деп ойын қорытындылайды (Чупров, 2017:20-26).

Ведомстволық архивтерде құжаттардың құндылығын сараптау міндетері мен мақсаты, принциптері мен өлшемшарттары,сараптау жұмыстары, сараптау-тексеру қызметі Ж. Зейнеловтың мақаласында баяндалады (Зейнелов, 2017: 26-29).

Архивтерде құжаттар құндылығын сараптаудың теориялық және әдіснамалық аспектілері ғалым Қ. Алимгазиновтың мақаласында зерттеледі. Автор сараптама арқылы шешілетін мәселенің мәнін мынадай қарапайым тізбешік түрінде көрсетеді «оқиға/тарихи факт – құжат/ақпарат – тарихи дерек». Одан әрі өз ойын былай жалғастырады: «Архивтануда, құжаттардың құндылығын сараптаудың теориясы мен практикасының аса өзекті проблема болуына қарамастан, әлі күнге дейін мәселені шешуге бірыңғай принциптер жасалмаған: бірыңғай методика жоқ, сондай-ақ «құжаттардың құндылығын сараптау» ұғымын бірыңғай түсіндіру де қалыптаспаған. Кейбір архившілердің пікірінше сараптаманың мақсаты іскерлік қағаздардың үздіксіз өсуімен байланысты, осымен байланысты сараптама, ең алдымен құжаттарды жоюдың құралы деп қарастырылады. Сараптама жасағанда жоғалғанның орнын толтыру қиын екендігін ұмытпау керек, сондықтан да мемлекеттік сақтауға өткізілетін құжаттарды барынша ыжда-

һаттылықпен іріктеп алу қажет» деген орынды тұжырым жасайды (Алимгазинов, 2019: 11). Автордың бұл пікірімен толық келісуге болады.

«Организация архивного дела в Казахстане» ұжымдық монографияның екінші бөлімі құжаттар құндылығы және мемлекеттік сақтауға жататын құжаттарды іріктеу принциптеріне арналған. Авторлар құжаттарды бағалау өлшемшарттары мен принциптерін төрт кезеңге бөліп қарастырады:

Бірінші кезең – 1918-1957 жж. (құжаттарды бағалаудың негізгі белгілерін тұжырымдау);

Екінші кезең – 1958 – 1960-шы жылдардың соңы (кеңестік архивтанудың негізін қалаушылардың бірі К.Г. Митяевтың қосалқы тарихи пән ретінде тұжырымдаған өлшемшарттарын нақтылау және толықтыру);

Үшінші кезең – 1970-1990-шы жылдардың басы (өлшемшартардың үш тобының жүйесі қалыптасты және дамыды: шығу тегі, мазмұны, сыртқы ерекшеліктері);

Төртінші кезең – 1990-шы жылдар соңы – қазіргі уақытқа дейін аралықты қамтыды (құжаттарды бағалау принциптері мен өлшемшарттарын қайта қарау, толықтыру әрекеттері күшейе түсті) (Организация архивного дела в Казахстане, 2019: 93-94). Аталмыш зерттеушілер еңбектерін отандық тарихнамаға қосылған үлес деп бағалауға болады.

Қоғамдық бірлестіктердің құжаттармен толықтыру мәселесі бойынша жеке мақалалар мен әзірлемелерді, негізінен, осы салада тікелей жұмыс істейтін архивші-практиктер жариялады. Қоғамдық ұйымдардың құжаттармен толықтыру С.Ж. Аубакировтың мақаласында үстірт қарастырылады (Аубакиров, 2013:21-23). Бұл мәселе қазақстандық тарихнамада әлі де болса зерттеуді қажет етеді.

Қазіргі таңда архивтерді аудиовизуалды құжаттармен толықтыру архив саласының негізгі және маңызды міндеттерінің бірі болмақ. Отандық тарихнамада аудиовизуалды құжаттар тарихын зерттеген ғалым Г. Сексенбаева докторлық диссертациясында алғашқылардың бірі болып архивтерді кинофотофоноқұжаттармен толықтырудың теориялық-әдістемелік мәселелерін көтерді. Ғалымның пікірі бойынша соңғы жылдары архивтану саласында мемлекеттік архивтерді барынша толық жинақтау мәселелерін шешу пәнаралық сипаттағы әртүрлі әдістер мен құралдарды кеңінен қолданумен тығыз байланысты деп пайымдайды (Сексенбаева, 2009:21-22).

Өңірлік архивтерді аудиовизуалды құжаттармен жинақтау мәселесі Ж.Тұрсынованың мақаласында баяндалады. Автор Қарағанды облысының мемлекеттік архивін құжаттармен толықтыру кезеңдерін көрсетеді. Сонымен қатар, туындаған проблемаларды да атап өтеді: «Соңғы уақытта мемлекеттік архивтерде аудиовизуалды құжаттаманы мемлекеттік сақтауға қабылдау қарқыны күрт төмендеді. Бұрынғы толықтыру көздері болып табылатын мекемелер зияткерлік меншікті және оны тұрақты сақтау мен пайдаланудың басым құқығын түсіндіре отырып, өз өнімдерін тұрақты сақтауға беруге мүдделі емес. Сондай-ақ, аудио және бейне құжаттарды мемлекеттік органдар да мемлекеттік сақтауға беруге мүдделі емес. Осындай жағдайдың басты себебі қазіргі кезеңде аудиовизуалды құжаттаманы ұйымдастыру, сақтау және пайдалану жөніндегі нормативтік-құқықтық базаның жетілмегендігінде деп көрсетеді (Турсынова, 2018: 55).

